

**КМҚК «Мерей» бөбекжай балабақша базасындағы балабақшамен
қамтылмаған балаларға арналған АҚП жұмысы туралы есеп.
(2023-2024) оқу жылы**

2023-2024 оқу жылында балабақшамен қамтылмаған балаларға және олардың ата-аналарына консультациялық пункт бұйрығы шығарылып, жұмыс кестесі мен жұмыс жоспары бекітілді. Жауапты мамандар Наурызбаева Б.Т әдіскер, Насипова Л.Д психолог, Мурзағалиева С.Е тіл маманы, Теміралиева Р медбике, Сатханова А тәрбиеші. Консультациялық пункт жұмысының басталуы туралы бұқарадық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланып, мектепке дейінгі сайтқа орналастырылды. Қыркүйек айында мектеп жасына дейінгі балаларды үй жағдайында тәрбиеленіп отырған отбасыларды айқындау және консультациялық пункт жұмысын КП мүшелеріне балабақша психологы Насипова Л.Д мен әдіскер Наурызбаева Б.Т таныстырып, шолу жасады. Қазан айында балалардың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында дамыту ойын түрлерін балабақша психологы Насипова Л.Д балаларға жүргізді. Ойын арқылы баланың танымдық сөйлеуін дамыту» видеоролигімен қазан айында Сатханова Айзада ата-аналарға таныстырып өтті. «Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту» мақсатында желтоқсан айында балабақша психологы Насипова Л.Д ата-аналарға онлайн кеңес жүргізді. Теміралиева Р медбике қаңтар айында «Дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтының кепілі» тақырыбында ата-аналарға кеңес берді. «Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін дамытудағы музыкалық-дидактикалық ойындар» тақырыбында саз жетекшісі Некишена Л.А балаларға жұмыс жүргізді. «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы» ата-аналарға балабақша психологы Насипова Л.Д дәріс оқып, түсінік берді. «Баланы балабақшаға қалай дайындаймыз?» тақырыбында дөңгелек үстелдің әдіскер Наурызбаева Б.Т жүргізді. Консультациялық пункт жұмысы әлі де өз жұмысын жандандырады.